JAS TOLQYN

ЖАС ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫ



«Jas tolqyn» жас таланттар байқауы туралы

«Jas tolqyn» жас таланттар байқауы жас өнерпаздардың жұлдызын жағып, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының дарынды ұл-қыздарын біріктіреді.

Ақтау қаласында 5-10 маусым аралығында байқаудың екінші кезеңі өтеді, оған 350 бала қатысады.

Гран-при иегерлері «ҚҚҚ – дарынды балаларға» халықаралық бағдарламасы шеңберінде біріктіруші мәдени форумда Қазақстанның атынан қатысатын болады.

ҚАТЫСУШЫЛАР:

- 9-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер


НОМИНАЦИЯЛАР:

- «Хореография»
- «Вокал»
- «Аспаптық жанр»
- «Дәстүрлі ән»
- «Әлеуметтік бейне»

2025 ЖЫЛЫ БАЙҚАУДЫҢ ҮШ КЕЗЕҢІНЕ ҚАТЫСҚАН БАЛАЛАР САНЫ:

I. Сырттай-қашықтан өткізілетін байқауда (jas-tolqyn.kz сайты арқылы онлайн форматта)	1380 бала
II. Күндізгі өңірлік байқау (бірінші кезеңнің жеңімпаздары)	350 бала
III. Біріктіруші мәдени форум (әр номинация бойынша Гран-при иегерлері, Мәскеу қаласында өтеді)	32 бала

2025 жылғы қатысушылар





Қымбатты достар!

Сіздерді «Jas tolqyn» жас таланттар байқауының кезекті рет өткізілуімен шын жүректен құттықтаймын! Каспий Құбыр Консорциумы өзінің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде қоғам өмірінің түрлі салаларын қамтитын қайырымдылық және мәдени жобаларға тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді. Соның айқын дәлелі – «Jas tolqyn» байқауы. Бұл бастама жас өнерпаздардың шығармашылығын дамытып, ұлттық мәдениетімізді дәріптеуге бағытталған.

Аталмыш өнер сайысы қысқа уақыт ішінде игі дәстүрге айналып, биыл екінші мәрте Ақтау қаласында өткізілуде. Бұған дейін байқау тұрақты түрде Атырау қаласында ұйымдастырылып келген. Жобаның географиясы кеңейіп, басқа өңірлерден қатысушылар мен қонақтарды қабылдау мүмкіндігі артты. Ақтау қаласында байқау қатысушыларына арналған мәдени бағдарлама аясында тарихи орындар мен көрікті жерлерге экскурсиялар ұйымдастырылды.

Айта кететін жайт – байқаудың негізгі құндылықтарының бірі өзгеріссіз қалды, яғни қатысушылар биыл да Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлерімен, халық әртістерімен және Қазақ Ұлттық өнер университетінің жетекші оқытушыларымен кездесу мүмкіндігіне ие болады. «Jas tolqyn» байқауы дарынды жастардың өнер жолындағы алғашқы қадамдарына серпін беріп, олардың болашағына жол ашуда.

Барша қатысушыларға шығармашылық табыс, жарқын жетістіктер және жаңа белестерді бағындыруды тілеймін!

Қайыргелді Қабылдин
«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ
бас директорының ҚР Үкіметімен байланыс жөніндегі орынбасары



Сулеев Аубакир Калиевич

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Режиссура, арт-менеджмент және операторлық өнер» факультетінің профессоры

Құрметті біздің ұлдар мен қыздар!

Сіздерді жүректеріңде қуанышты, көңілді, қызықты мереке және қалаулы оқиға болып қала беретін балалар шығармашылығы байқауының ашылуымен құттықтаймын! Бұл байқау өмірдің қиын, шырғалаң және түрлі оқиғаларға толы кездерінде олардан болашақ өнерпазды қалыптастыратын құнды дүние болып, дарынды балалардың талантын ашады деп үміттенемін. Ғасырдан ғасырға дейін жазушылар, ақындар, суретшілер, композиторлар мен философтар әлемді жақсырақ, саналы және мейірімді етуге тырысты... Сонымен қатар, сүйікті Отанымыздың әр бұрышында тұратын әрбір бала осы шығармашылық процеске қатысып, өзінің жеке өнерін, жас жанының тұңғиығынан шыққан болмысына біткен осы өнерді көрсетемін деген құлшынысын әкелуі керек. Олай болса, осы байқау өткелі отырған залды қызықты да, таң-тамаша қылатын балалар шығармашылығымен кездесуге деген үмітпен толтырайық!

Баршаңызға сәттілік тілеймін!



Талпақова Гүлжан Ізімқызы

Қазақстан Республикасының Халық әртісі

Қымбатты байқау қатысушылары!

2025 жылы Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасына айналды. Бұл ұлы оқиға Қазақстандағы бауырлас халықтарды бір шаңырақ астына жинады. Түрлі ұлттардың мәдениетін білу арқылы біз бір-бірімізге жақындай түсеміз, рухани байлыққа кенелеміз, ең бастысы, қарым-қатынастарымызды сенімге бөлейміз, онсыз алға жылжу тіптен мүмкін емес.

«Jas tolqyn» Сіздер үшін әлемді және өзіңді бағындырудың жаңа қуанышты қадамы болсын!

Баршаңызға шығармашылықта одан әрі даму тілеймін! Қиялдарың ұшқыр, шабыттарың асқақ болсын!



Измаилов Нурлан Тохтарович

**ҚР Еңбек сіңірген қайраткері,
Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының профессоры**

Құрметті байқау қатысушылары!

«Jas tolqyn» байқауының барлық қатысушысын сәтті көрсеткен өнерлерімен құттықтаймын. Байқаудың жоғары дәрежеде өтетініне әрқашан сенімдіміз. Барлықтарыңа сәттілік тілеймін!



Кожин Николай Вячеславович

**Пианист, дирижёр,
педагог и музыкальный продюсер**

Дорогие участники и друзья Международного конкурса «КТК - талантливым детям»!

Искренне приветствую Вас! Очень рад, что интерес и любовь к настоящему искусству живут в ваших сердцах! Желаю вдохновляющих конкурсных выступлений, впечатлений и встреч!

г.Москва



Ағымбаева Қадиша Ермекбайқызы

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік «Құрмет» орденінің кавалері, «Наз»мемлекеттік би театрының көркемдік жетекшісі, бас балетмейстері

Құрметті «Jas tolqyn» жастар байқауының жалынды өкілдері мен жігерлі өнерпаздары!

Биыл еліміз үшін, сонымен қатар еліміздің өнерпаздары үшін аса маңызды жыл болып отыр. Себебі Түркі халықтары арасында «Ақтау - Түркі әлемінің мәдени астанасы» деген атаққа ие болды. Мұндай маңызды іс-шараның ашылу салтанатына «Наз» мемлекеттік би театры да өз үлесін қосып, оның жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Түркітілдес ұлттардың жас өнерпаздары мен жалынды жастарының қатысуы зор мәртебе әрі қуаныш. Жас толқынның өнер биігінде самғауы үшін мұндай жобалар аса маңызды. Ендеше, жас өнерпаздарға сәттілік серік болсын!



Қарабалина Эльза Жеңісқызы

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы, Өнертану ғылымдарының магистрі, ҚР Мәдениет саласының үздігі

Құрметті «Jas tolqyn» байқауына қатысушы үміткерлер!

Жас өнерпаздардың талабын шыңдауға арналған өнер байқауына қатысушы жас буын, қадамдарың сәтті болсын! Қыран болып самғап, алыстарды көздеп, биіктерді бағындыра беріңдер. Өмір жолы сендерді ешқашан адастырмасын, келешектерің кемел, болашақтарың жарқын болсын! Елге сүйікімді, ортаға жұғымды болып, қиялдарыңа қанат бітіп, өркендерің өссін, жас өнерпаздар.



Нүкеев Марат Болатұлы

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті, ҚР Мәдениет қайраткері

«Jas tolqyn» фестиваліне қатысушылар, өнерге жаңа толқын, жаңа серпін алып келуші жастар!

Өнер фестиваліне қатысу арқылы жастарымыз алдыңғы көш өнер өкілдерінің ізбасары болуға талпыныс жасамақ. Өнер сахнасында жалынды жастар мен жасөспірімдердің өсіп келе жатқаны бізді ерекше қуантады. Халықтың мақсат-мүддесін өнер арқылы жеткізгісі келетін әр дарын иесіне зор үміт артамыз.

Биік белестерге талпыныс жасаған әрбір жас - елдің ертеңгі үмітін арқалаушы. Ұлтымыздың рухани құндылықтары дәріптелетін аталмыш іс-шарада барлық қатысушыға сәттілік тілеймін! Өнер жолында болашақтарыңыз жарқын, келешектеріңіз кемел болсын!



Султанов Дамир Рафхатович

Татарстанның еңбек сіңірген әртісі, ҚР Білім беру ісінің үздігі, К.Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің Қобыз және орыс халық аспаптары кафедрасының профессоры

Құрметті «Jas tolqyn» байқауының қатысушылары!

Сіздерді өнер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл шығармашылық форум дарынды жастардың басын қосып, әлеуетін іске асыруға және өзін-өзі көрсетуге жаңа мүмкіндіктер береді. Сіздерге шабыт пен жарқын шығармашылық тілеймін!



Мұқашева Гүлбаршын Сәрсенқызы

Қазақ Мемлекеттік Симфония оркестрінің директоры
Мәдениет саласының үздігі,
Орган залының директоры

«Jas tolqyn» байқауының жас қатысушылары

Биыл байқау тамаша қала – Ақтауда өтіп жатыр! Барлық қатысушыға өнерлерін сәтті көрсетуге, аспаптық орындау саласында жоғары марапаттар мен сыйлықтарға қол жеткізуге шын жүректен тілектеспін. Бұл халықаралық маңызы бар байқауды өткізу талантты жастарды анықтауда және қолдауда, орындаушылық шеберлік деңгейін жетілдіруде айтарлықтай маңызды.

Баршаңа үлкен табыс тілеймін!



Дәулетбақ Майра Тұрлыбекқызы

ҚР Мәдениет қайраткері,
ҚР Мәдениет саласының үздігі,
Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Эстрада өнері» пәндік циклдық комиссиясының эстрадалық вокал оқытушысы

Құрметті «Jas tolkyn» байқауының қатысушылары!

Шыңдалу үшін, байқауларға қатысып жүлделі болу үшін көп еңбек ету қажет. Ең бастысы, жақсы ұтымды репертуар дұрыс таңдау керек. Іріктеуден сәтті өттіңіздер, енді финалда сүрінбей жеңіске жетулеріңізге шын жүректен тілектеспін! Сәттілік болсын!



Машимова Ақмарал Ғайноллақызы

Атырау облыстық филармониясының Бас режиссері, ҚР Мәдениет саласының үздігі

Құрметті жас өнерпаздар!

Сіздер осы қарқынмен табысқа жетесіздер деп сенемін. Дегенмен, сіздерге сәттілік тілегім келеді. Сәттілік сізге қажетті сәтте көмектессін! Ұстаздарың мен ата-аналарыңның, өздеріңнің еңбектерің текке кетпесін. Басыңды көтеріп, батыл жүр, табысқа жетемін деген оймен алға қарай ұмтыл дегім келеді!

Сендердің қолдарыңнан бәрі келеді. Алға!



Шарденбаева Ботагоз Есімсейітқызы

«Jas tolqyn» жас таланттар байқауының әкімшісі

Құрметті жас өнерпаздар!

«Jas tolqyn» жас таланттар байқауына қош келдіңіздер! Байқаудың әрбір күні Сіздерге керемет кездесулер, репетиция, шеберлік сабақтары, саяхаттау мен концерттік бағдарламалардан құралған әсерлі сәттермен тамаша көңіл-күй сыйлайды деген ойдамын.

Өздерің сияқты өнерге құштар, талантты жастармен танысып, етене араласуға керемет мүмкіндіктер туып отыр.

Баршаңызға думанды шабыт, шығармашылық табыс, қуаныш пен мереке тілеймін!

Армандарыңыз орындалсын!

2024 жылдың Гран-при иегерлері

Атырау облысы Жылыой ауданы
«Жем – Аруы» халықтық би ансамблінің жетекшісі
Шегенбаева Мағрипа Қопалқызы



Біздің қасиетті Жылыой ауданының өнер сүйер қауымы атынан, жалпы өңір халқының атынан, өнерпаздарымыздың ата-аналарының атынан Ботагоз ханым бастап осындай үлкен жобаны іске асырып отырған Сіздерге үлкен алғыс білдіремін! Сіздің командаңыз өте керемет жұмыс атқарды, оған бәріміз де куәміз. Жоба ұйымдастырушыларының әрқайсысының орны ерекше, еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер. Сіздерге Алла тағала мықты денсаулық, шығармашылық табыс, ұзақ ғұмыр берсін!

Байқау ұйымдастырушылары тарапынан осы бағдарламаның жақсы ұйымдастырылғанын да айта кету керек. Атырау, Астана және Мәскеу қалаларында балалар керемет саяхаттап, олар үшін арнайы шеберлік сабақтар өткізілді. Бұл да болса балалар үшін өте керемет естелікке ұласқан әсерлер қалдырды. Шеберлік сабақты ұйымдастырушы «Наз» би театрының балетмейстер-хореографы Ағымбаева Қадиша ханымға, халық әртісі Гүлжан Ізімқызына еңбектеріңіздің жемісі осындай балапандардың биіктен көрінуімен елене берсін дегім келеді! Жас толқынның болашағы әрқашан жарқын болсын!

Осы жобаның жүзеге асуына атсалысып, қолдау көрсеткен Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлына үлкен ризашылығымызды білдіреміз, балалар үшін жасап жатқан игі істеріңіздің жақсылығы Алладан қайтсын, аман болыңыздар!

«Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка академиясы» Атырау музыка колледжі
«Presto» шертершілер ансамблінің жетекшісі
Тәжіғалиев Қыдыркелді Санжанұлы



Құрметті «Jas tolqyn» жобасының ұйымдастырушылары!

Балаларға осындай керемет мүмкіндік бергендеріңіз үшін баршаңызға көптен-көп рақмет! Қазақстанда номері 1-ші байқауды деп білемін. Біздің қауіпсіздігімізді 1-орынға қоя отырып, байқауды бастан-аяқ ұйымдастырып, шапқылап жүрген өнер жанашырлары Ботагөз Есімсейітқызына, Майнұр апайымызға алғысым шексіз. Гүлжан Ізімқызы, балаларға бағыт-бағдар беріп, сахнада балалардың әдемі көрінуін қалап, балалар үшін сахнада бірге қобалжыған Сізге рақмет. Сіздердің арқаларыңызда балалар керемет қуанышқа бөленіп, ұмытылмас әсер алды. Ата-аналары да дән ризашылығын білдіріп жатыр. «Jas tolqyn» жас таланттарды әлемдік сахнаға шығарып, жасай берсін! Және де айтарым, балаларға керемет өзінің шеберлік сабағымен білім нәрін берген Нүкеев Марат ағайымызға мың алғыс айтамыз! Өнер шыңына шығар шәкірттеріңіз көп болсын!

Мобилограф болып балаларды әдемі етіп түсіріп, олармен бірге күліп-ойнап жүрген Арманжан, Рано, Мадина, сіздерге де көп рақмет.

Осындай керемет жобаның демеушісі «Каспий Құбыр Консорциумы» бас директорының орынбасары Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы, Сізге үлкен алғысымды білдіремін!

«Jas tolqyn» жасай берсін!

Поплёвина Ольга Владимировна,
педагог Атырауского музыкального колледжа
«Академия народной музыки имени
Дины Нурпеисовой»



Огромная благодарность компании «КТК-К» и лично Кабылдину Каиргельды Максутовичу за то счастье, которое Вы дарите нам и детям. Искренне желаю процветания Вашей компании!

Моей ученице – Жолдаскали Жаркынай ставшей призером Гран-при конкурса «Jas tolqyn» в г. Атырау, была предоставлена возможность поездки в г. Москва для участия в третьем этапе конкурса «Объединяющий культурный форум» в рамках международной программы «КТК-талантливым детям».

Дорогие организаторы конкурса, сердечно благодарю вас за эти замечательные и незабываемые пять дней, проведённые в рамках фестиваля «КТК-талантливым детям»! Это были по-настоящему насыщенные, местами напряжённые, но всегда яркие и динамичные дни, наполненные красками и положительными эмоциями.

Ботагоз Есмсеитовна, большое спасибо Вам за организацию этого проекта, за Вашу любовь к детям и искреннее стремление подарить им возможность выступить на большой сцене в Москве. Это замечательно, что помимо основного гала-концерта был организован отдельный концерт для казахстанских детей, выступление в Москве стало для них незабываемым опытом.

Отдельная благодарность за увлекательную экскурсию по театру «Астана Опера» - это был настоящий подарок!

Я горжусь тем, какие талантливые, яркие и искренние дети растут у нас. Желаю им большого творческого пути и настоящей звёздной карьеры в мире искусства!

Восхищаюсь нашими талантливыми педагогами-именно их профессионализм, чуткость и преданность делу позволили юным артистам так ярко проявить себя, уверенно и артистично выступить на сцене.

Огромное спасибо видеооператорам и мобилографам, которые всё это время были рядом, придумывали интересные ракурсы, фиксировали важные моменты и делились ими в социальных сетях.

Желаю дальнейшего процветания этому проекту! Для детей и нас, педагогов, он стал не просто ярким и незабываемым путешествием, а настоящим источником вдохновения, творческого роста, новых идей и возможностей.

Атырау қаласы Құрманғазы атындағы Балалар музыкалық мектебінің оқытушысы Таңашева Әлия Самиғуллақызы. «Аспаптық орындау» номинациясының Бас жүлдегері Өміржан Әлішердің жетекшісі



«Каспий Құбыр Консорциумы» бас директорының орынбасары, осындай керемет жобаның демеушісі Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлына мың алғыс! Сіздің арқаңызда балалар басқа елде сахна төріне шықты. Бұл біз үшін үлкен мәртебе!

Осы «Jas tolqyn» жобасына, командасына алғысымды айтқым келіп тұр. Ұйымдастырушы Ботагөз Есімсейітқызы, Сізге көп рақмет! Әр балаға жанашырлық жасап, мейірімділікпен қарадыңыз. Гүлжан Ізімқызы, балаларымызды музыкаға бет бұрғызып, әсем әуенге деген махаббаттарын ашып, өнерпаз балапандарды қолдағаныңызға рақмет!

Балаларды әдемі етіп видеоға түсіріп, сапалы видео жасап, әлеуметтік желілерге салып, күнделікті қадағалаған мобилограф мамандар Рано, Мадина, Арманжан, сіздерге де көп рақмет!

Сіздердің арқаларыңызда талай талантты балалар ел аралап, жер көріп, қанаттарын кеңге жайып, өнерін басқа елге паш етіп отыр. Қанша баланың арманын орындап, әр балаға керемет мүмкіндік беріп отырсыздар. Бала үшін бұл шынымен де ұмытылмастай тәжірибе, керемет естелік, дәстүрлі өнерге ынтасын ашудың бірден бір жолы. Бізге, мұғалімдерге өзіміздің оқушыларымыздың осындай шыңға көтеріліп жатқанын көру – бір ғанибет. Оқушылармыз биіктен көріне берсін!

«Jas tolqyn» жобасы одан әрі дамып, көркейе берсін. Сіздер жасайтын осындай жобалар көбейе берсе екен деп тілеймін!

Атырау облысы Дамба өнер мектебінің оқытушысы «Дәстүрлі ән» номинациясының Бас жүлдегері Құдайберген Фаризаның жетекшісі Ризагүл Алпысбесова



Құрметті Қайыргелді Мақсұтұлы, Сізге және осы шараны ұйымдастырушы ұстаздарға жас таланттарға қолдау көрсетіп, үлкен сахнаға алғаш қадам жасауына мүмкіндік жасағандарыңыз үшін ата-аналар атынан зор алғыс айтамыз және шығармашылық табыс тілейміз.

Біздің Қазақстанда осындай жаны жомарт, өнерлі балаларымызға демеу көрсетіп, қолдау білдіретін ағамыздың бар болғанына қуаныштымыз. Әр ауылдың өнерлі балаларын көтеріп, Мәскеу төріндегі үлкен сахнаға шығуына көмектесіп, қолдау білдіргеніңізге шын ықыласымызбен алғыс айтамыз, өте қуаныштымыз. Балаларымыздың, ата-аналарының қуанышын олардың бақытты жүздерін көрудің өзі бір ғанибет. Атырау қаласында болған өңірлік байқауда балаларымыз жүлделі орын иеленіп, қымбат сыйлықтар алып, мәре-сәре болған сәтке куә болдық. Бұл да болса үлкен қуаныш, қазақ өнері үшін жасалған үлкен еңбек, жас өнерпаздар үшін болашағына деген сенім мен ынта! «Jas tolqyn» сияқты байқаулар Қазақстанда бұрын-соңды болған емес. Балаларымыз ұшаққа алғаш рет мініп мәз болды. Өнерде де биікке самғай берсін!

Ботагөз апай, Ақмарал апай, Майнұр апай, барлықтарыңызға алғысым шексіз. Біздің бар жағдайымызды жасап, асты-үстімізге түсіп, құрметпен қарсы алды. Жылы жүздеріңіздің өзі бізге деген зор қолдау болды. Сіздердің арқаларыңызда тамаша демалып, еркін қыдырып, керемет уақыт өткіздік, көп рақмет!

А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің оқытушысы, «Дәстүрлі ән» номинациясының Бас жүлдегері Санбаев Айбардың жетекшісі Қабылов Дастан Ғалымжанұлы



«Каспий Құбыр Консорциумы» бас директорының орынбасары Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлына ерекше алғыс білдіремін. Сонау алыс ауылдарда тұратын балаларды жүлделі жобадан кенде қылмай, өнерлерлерін көрсетуге қолдау білдіргендеріңізге ризамыз. Мәскеуде қазақтың дәстүрлі ән-күйі шырқалып, көптеген бұқаралық ақпараттарда көрсетіп жатыр. Қазақ өнерінің шарықтауына қосқан үлестеріңіз үшін мың алғыс. Ата-аналарымыз, оқу ұжымы өздерінің ыстық ықыластарын білдіртіп жатыр.

«Jas tolqyn» жасай берсін!

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық «Телқоңыр» ансамблінің жетекшісі, дәстүрлі ән класының ұстазы Жұмағалиев Дәурен Темірғалиұлы



Құрметті «Jas tolqyn» ұйымдастырушылары, сіздерге үлкен алғысымды білдіремін! Бұл байқаудан аларымыз көп болды. Бұл байқаудан өтеміз, тіпті Мәскеуге барамыз деп ойламадық.

Атыраудан бастау алған «Jas tolqyn» байқауында дәстүрлі ән бойынша қазылар алқасының мүшесі Қарабалина Эльза Жеңісқызы бізге үміт артып, Мәскеуге баруға мүмкіндік берді. Сол үмітті барынша ақтадық деп ойлаймын. Астана мен Мәскеуде өткен естен кетпес қызықты сәттер әр баланың жадында қалды.

Гүлжан Ізімқызы, Ботагөз Есімсейітқызы, Ақмарал Ғайноллақызы, Майнұр апайлар, сіздерге айтар алғысымыз шексіз! Сіздердің ұйымдастыруларыңыздың арқасында балаларымыз ел көріп, жер көріп, өнерін танытумен қатар саяхаттап та таң-тамаша сезімдерге толы әдемі күндерді бастан өткізді. Астана, Мәскеу қалаларында өткізген күндеріміз керемет естеліктерге толы болды. Балалар ұмытылмас әсер алып, қуанышқа бөленді. Мобилографтар да керемет жұмыс атқарды, әрбір сәтті таспаға әдемі түсіріп, бізге де, елге де қызықты күндерден естелік түзіп берді.

Жоба демеушісі «Каспий Құбыр Консорциумы» бас директорының орынбасары Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлына үлкен ризашылығымызды білдіреміз! Бұндай мүмкіндік беретін жоба Қазақстанда тек «Jas tolqyn» жобасы деп ойлаймын!

«Jas tolqyn» жасай берсін! Алға!

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Таушық мәдениет үйінің маманы Аратқызы Хиуаз. «Көркем сөз» номинациясының Бас жүлдегері Санқбай Ұлдананың жетекшісі



Қымбатты менің «Jas tolqyn» жобасындағы жарқын да көңілді, әрі сұлу апайларым мен достарым!

«Jas tolqyn» жобасындағы командаға үлкен алғыс білдіремін! Еңбектеріңіз жанып, әрдайым биіктен көріне беріңіздер! Тағы айта кететін жайт, осы жоба ойлап отырсам балалар емес, ең бірінші, педагогтардың жұлдызын жағады екен ғой, оны кеше бізді қарсы алу сәтінде түсіндім! Бізге сіздер жол сілтейсіздер, біз оқушыларға бағыт береміз, солай оқушыларымыз биікке самғайды. Мен өзім әлі Мәскеуге барып келгеніме сене алмаймын, құдды бір түсім секілді. Бұл өте керемет жоба, Қазақстандағы номері 1-ші жоба деп айтар едім.

Балалар мен жетекшілердің жұлдызын жағатын, шығармашылықтарын танытуда жоғары мүмкіндіктер сыйлайтын жоба, және де, бастысы, осы жобаны қолдап, балалардың шет елге шығып, байқауда жарқырап көрінуіне қолдау көрсеткен демеушіміз - Қайыргелді Мақсұтұлына үлкен алғыс айтып, басымызды иеміз. Деніне саулық, отбасына амандық тілейміз!

Барлықтарыңызбен танысқаныма қуаныштымын, аман жүріңіздер!

«Jas tolqyn» командасына рақмет!

Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының жетекшісі Шакиров Әкімжан Біржанұлы



Құрметті «Jas tolqyn» байқауының ұйымдастырушылары, Сіздерге шын жүректен алғыс айтқым келеді. Атырау қаласында өткен байқаудан шәкіртім Бисенбаев Ақылбек топ жарып, бас жүлде иеленіп, Мәскеу қаласына жолдама алды.

Жас ұрпақтың дамуына осындай мүмкіндік беріп отырған жобаның демеушісі «Каспий Құбыр Консорциумы» кәсіпорынының бас директорының орынбасары Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлына және ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз!

Және тағы бір айта кететін жайт, бізге жоғарғы деңгейде шеберлік сабағын көрсетіп, өзінің тәжиребесімен бөліскен Майра Тұрлыбекқызы Дәулетбақоваға рақмет айтқым келеді. Шеберлік сабағынан аларымыз көп болды. Димаштай әлемді бағындырған вокалистке тәлім берген профессионалдан сабақ алғанымызға дән ризамыз!

Мұстафа Нұрлының анасы Жиеналиева Гауһар



«Каспий Құбыр Консорциумы» бас директорының орынбасары Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлына ерекше алғыс айтқым келеді. Алыс, шалғай ауылдарда тұратын балаларды көзден таса қалдырмай, өнерін көрсетуге қолдау білдіргеніне ризашылығым шексіз.

Ботагөз Есімсейітқызы бастаған ұйымдастырушыларға, режиссёр Ақмарал Ғайноллақызы ханымға, барлық қатысушыға алғыс білдіремін!

«Jas tolqyn» жасай берсін, өрлей берсін!

JAS TOLQYN
ЖАС ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫ

2025 жылғы 5-10 маусым
Ақтау қаласы
ЕКІНШІ КЕЗЕҢ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

ДӘСТҮРЛІ ӘН

Ауданы	Қатысушылар	Жетекшісі
Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы	Иманбай Гүлден	Нагимова А.
Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы Ақпәтер ауылы	«Ақкербез» дәстүрлі әншілер ансамблі	Қыдырғалиев Б.
Ақтөбе қаласы	«Домбыра дастан» дәстүрлі әншілер	Шайық Н.
Ақтөбе қаласы	Гельманова Айым	Әбілхасан Н.
Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы	Асылбекұлы Дамир Асар Әдеп Ізберген Қадырбек Бисембай Әмина	Мағзумова Г.
Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы	«Ақ толқын», «Жас қыран» дәстүрлі әншілер ансамблі Исабай Ақансері	Исболсынова Г.
Атырау облысы	Махуов Равиль	Кущанова С.

АСПАПТЫҚ ЖАНР

Ауданы	Қатысушылар	Жетекшісі
Батыс Қазақстан облысы Шапов ауылы	«Ақжелең» домбырашылар ансамблі	Шаканаева Р.
Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы	«Ажар» жетігеншілер триосы Құрманғазы Мерусат	Омарханова А.
Ақтөбе қаласы Облыстық халық шығармашылық орталығы	Халықтық «Шашу» Жетесовтер отбасылық ансамблі Погрелова Александра	Ешпанова А.
Ақтөбе қаласы	Баянистер триосы	Екибаева М.
Ақтөбе қаласы	Болатова Айзия Мырзатай Дәрия Канжұпар Исмаил	Лалименко С.
Ақтөбе қаласы	Қырықбай Динара Токмурзина Іңкәр Кенжебекова Ақбота	Сарсенгалиева Ш.
Ақтөбе қаласы	«Шаттанамын» домбырашылар ансамблі	Толеубаева Ж.
Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы	«Серпін» фольклорлық ансамблі	Сисембаева А.
Ақтау қаласы	«Шалқыма», «Аллегро» домбырашылар ансамблі	Ахметов Ә.
Ақтау қаласы	Тәжіхан Алихан Тойбазар Исламбек	Досова И.
Ақтау қаласы	Самат Сафиянұр	Турусбаева А.
Ақтау қаласы	Оспан Салих Мишкой Полина	Бестембекова Л.

JAS TOLQYN
ЖАС ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫ

2025 жылғы 5-10 маусым
Ақтау қаласы

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

АСПАПТЫҚ ЖАНР

Ауданы	Қатысушылар	Жетекшісі
Ақтау қаласы	Хабиева Надина Аязбай Аяжан	Маматова Е.
Ақтау қаласы	Нұрходжа Нұржамал	Ербозова Г.
Ақтау қаласы	Қайрулла Әлтөре	Қазбек Д.
Ақтау қаласы	Кабулжан Аяулым	Нурмашева Н.
Ақтау қаласы	Дүйсенбай Мариям Түгелбай Жәмила Түгелбай Нұрила Сүлеймен Аминат	Майданова М.
Ақтау қаласы	Әлібек Жан	Мюррей И.
Ақтау қаласы	Тумыш Батырхан	Құдайбергенов Н.
Атырау облысы Индер ауданы	Баянистер ансамблі	Дүйсенғалиева Ә.
Атырау облысы Индер ауданы	Скрипкашылар ансамблі	Ескалиева А.
Атырау облысы Құлсары қаласы	«Үміт» домбырашылар ансамблі	Лапишев А.
Атырау облысы Исатай ауданы	Ақберен Сайфеден Аймерей Қуат	Темирбулатова Э.
Атырау облысы Құрманғазы ауданы	Бидоллаев Мадияр	Бакытыгалиев Б.
Атырау облысы Индер ауданы	«Серпер» домбырашылар ансамблі	Иманбаева Р.
Атырау облысы Исатай ауданы	Нариманқызы Айкөркем Лұқпан Шынар	Бисембиева С.
Атырау қаласы	Жолдас Ануарбек	Шакиева К.
Атырау қаласы	Мырзағали Айсұлтан Гювенал Бурхан Арслан Сейт Адім	Тен Л.
Атырау қаласы	Сұлтанғали Кәусар Шапағатұлы Айтөре Сабыржан Медина	Кривошеина Н.
Атырау қаласы	Ахмет Нұрпейіс	Камалиденов Е.
Атырау қаласы	Гайнеден Малика	Марданова Ю.
Атырау қаласы	Нұрланов Нұрдәулет	Сақтанов Е.
Атырау қаласы	Мұратов Әбілмансұр	Өмірғали Б.

JAS TOLQYN
ЖАС ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫ

2025 жылғы 5-10 маусым
Ақтау қаласы

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

ХОРЕОРГАФИЯ

Ауданы	Қатысушылар	Жетекшісі
Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы	Сисенбай Мариям	Джумагалиева Б.
Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Чапаев ауылы	«Сымбат» үлгілі би ансамблі	Серикбаева А.
Ақтөбе қаласы	«Томирис» би ансамблі	Ашигалиева А.
Маңғыстау облысы Ақшымырау ауылы	«Наз» үлгілі би ансамблі	Сәдуақасова Г.
Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы	«Інжу» би ансамблі	Маденова Г.
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы	«Шұғыла» би ансамблі	Ғаббасова П.
Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы	«Көркем» би тобы «Нұрлы-Арай» би ансамблі	Нарикбаева А.
Ақтау қаласы	«Экзотика» би ансамблі	Герасимова М.
Ақтау қаласы	«Нұр» би тобы	Құлмақ Н.
Ақтау қаласы	«Асемай» би студясы	Камелова К.
Ақтау қаласы Абай атындағы мәдени-демалыс кешені	«Колибри» би студясы	Талан Д.
Ақтау қаласы Абай атындағы мәдени-демалыс кешені	«Меруерт» үлгілі би ансамблі	Захарова Н.
Атырау облысы Индер ауданы	«Бойтұмар» би ансамблі	Шукургалиева Ш.
Атырау қаласы	«Камелия» би ансамблі Ефремова Ульяна	Нитокшина М.
Атырау қаласы Құрманғазы ауданы	«НАЗ» би тобы	Ислямова Б.



JAS TOLQYN
ЖАС ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫ

2025 жылғы 5-10 маусым
Ақтау қаласы

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

ВОКАЛ

Ауданы	Қатысушылар	Жетекшісі
Батыс Қазақстан облысы Зашаған кенті	Сисенғалиева Гауһар	Өтебаев М.
Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы	Тарғын Аяна Біржанқызы Жанайым Ихсангалиев Әсет	Хибашева Н.
Ақтөбе қаласы	Жәдігер Әсел	Қуанышбекова П.
Ақтөбе қаласы	Мүрсін Айсұлу Асланова Диана	Мусрепова Т.
Ақтөбе қаласы	Дәулетбек Сабина	Ажмуханбетқызы А.
Ақтау қаласы Студия «Радуга»	Болатбек Аяулым Болат Кәусар	Ким А.
Ақтау қаласы	Асқаров Нысанәлі Расулова Мариям	Бөрібаева Г.
Атырау облысы Құлсары қаласы	Амандыққызы Айсезім Қаби Айжулдыз Балтабай Қайсар	Нурболат Ж.
Атырау қаласы	Дуэт: Ығылман Шапағат Ығылман Қарақат Арнұр Жұбанов	Кисметова М.
Атырау қаласы Алтын Жұматина өнер мектебі	Тілекқабыл Батыр Манас Мақсат Кобелдесова Лея	Өмірғали А.

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕ

Ауданы	Қатысушылар	Жетекшісі
Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Ақпәтер ауылы	Кәкім Жанарыс	Каким А.
Атырау қаласы «BinomMedia академиясы» балалар орталығы	Жәдігер Мақым Серік Айша Сағытжанова Нұрай	Калбаева А.
Атырау қаласы BN production киностудиясы	Олжас Алматов Ясмин Алматқызы	Кәрімжан Г.



Ақтау қаласында өтетін «Jas tolqyn» жас таланттар байқауының бағдарламасы 2025 жылғы 5-10 маусым

5 маусым (бейсенбі)	07.00 - 18.00	Байқауға қатысушылардың қонақ үйлерге орналасуы: «Ақтау», «Tumarym», «Жаңа Otel»
6 маусым (жұма)	07.30 - 08.30	Таңғы ас
	10.00 - 13.30	**«Jas tolqyn»** (2 кезең) байқауының ресми түрде салтанатты ашылуы **Өтетін орны:** Абай атындағы мәдени-демалыс кешені Байқау номинациялары: 1) Хореография 2) Аспаптық орындау 3) Әлеуметтік бейне
	13.30 - 14.30	Қорытындыларды шығару және қатысушыларды марапаттау
	15.00 - 15.30	Түскі ас
	16.00 - 18.30	Экскурсия
	19.00 - 20.00	Кешкі ас
	20.30 - 21.30	Қатысушыларға арналған би кеші (дискотека)
7 маусым (сенбі)	07.30 - 08.30	Таңғы ас
	10.00 - 13.00	**«Jas tolqyn»** (2 кезең) **Өтетін орны:** М.Өскенбаев атындағы облыстық филармония Байқау номинациялары: 1) Вокал 2) Дәстүрлі ән
	13.00 - 14.00	Қорытындыларды шығару және қатысушыларды марапаттау
	14.30 - 15.30	Түскі ас
	16.00 - 18.00	Экскурсия
	19.00 - 20.00	Кешкі ас
8 маусым (жексенбі)	07.30 - 08.30	Таңғы ас
	10.00 - 12.00	«Caspian Riviera Grand palace» қонақ үйінің мәжіліс залында өтетін баспасөз мәслихаты
	10.00 - 13.00	Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде қатысушылардың Гала-концертке дайындығы
	13.00 - 14.00	Түскі ас
	15.00 - 17.00	**«Jas tolqyn» жас таланттар байқауының Гала - концерті**
	19.00 - 20.00	Кешкі ас
9 маусым (дүйсенбі)	07.30 - 08.30	Таңғы ас
	10.00 -18.00	Қазылар алқасының шеберлік сабағы: **Талпақова Гүлжан Ізімқызы** – ҚР Халық әртісі (хореография); **Сулеев Аубакир Калиевич** – ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚазҰӨУ«Режиссура, арт-менеджмент және операторлық өнер» факультетінің профессоры (әлеуметтік бейне); **Измаилов Нұрлан Тоқтарұлы** – ҚазҰӨУ «Арнайы фортепиано» кафедрасының профессоры (аспаптық жанр); **Кожин Николай Вячеславович** – пианист, дирижёр, педагог және музыкалық продюсер, Мәскеу қ. (аспаптық жанр); **Мұқашева Гүлбаршын Сәрсенқызы** – Қазақ Мемлекеттік Симфония оркестрінің директоры, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚазҰӨУ (аспаптық жанр); **Нүкеев Марат Болатұлы** – Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті (аспаптық жанр); **Дәулетбақ Майра Тұрлыбекқызы** – ҚазҰӨУ «Эстрада өнері» Пәндік циклдық комиссиясының эстрадалық вокал оқытушысы (вокал); **Султанов Дамир Рафхатович** – ҚазҰӨУ Қобыз және орыс халық аспаптары кафедрасының профессоры, Татарстанның еңбек сіңірген әртісі, (аспаптық жанр); **Ағымбаева Қадиша Ермекбайқызы** – «Наз» мемлекеттік би театрының көркемдік жетекшісі, бас балетмейстері (хореография); **Машимова Акмарал Ғайноллақызы** – Атырау облыстық филармониясының Бас режиссері, ҚР Мәдениет саласының үздігі (вокал); **Қарабалина Эльза Жеңісқызы** – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы (дәстүрлі ән).
	13.00 - 14.00	Түскі ас
	19.00 - 20.00	Кешкі ас
10 маусым (сейсенбі)	08.00 - 09.00	Таңғы ас
	10.00 - 12.00	Қатысушылардың өз қалаларына оралуы
	12.00 - 13.00	Түскі ас
	17.00 - 18.00	Қатысушылардың өз қалаларына оралуы